

KASE

АПТАЛЫҒЫ

10–14 маусым,
2024

КАСЕ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2024 жылдың мамырындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE "KEGOC" АҚ арналған "Эмитент күнін" [өткізді](#).
- KASE ресми тізіміне "Home Credit Bank" АҚ [KZ2C00011195](#) (HCBNb13), [KZ2C00011351](#) (HCBNb14) және [KZ2C00011401](#) (HCBNb15) облигациялары, Қостанай облысы әкімдігінің [KZMF00000903](#) (KSK118_090) облигациялары және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің [KZMF00000937](#) (VKK118_093) облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен айналым мерзімінің аяқталуына байланысты Азия даму банкінің [US045167FE86](#) (ASDBe16), АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797FS14](#) (US109_2406) халықаралық облигациялары, "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00003267](#) (KAF1b4) және "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00009793](#) (MFOKb13) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CDH16](#) (US121_2411) және [US912796Y528](#) (US126_2407) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де АҚШ Қаржы министрлігінің бес шығарылымдағы халықаралық [облигацияларымен](#) сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Алтын Сапа ALM" ЖШС [KZ2P00009962](#) (ALSPb1) облигацияларымен және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің [KZMF00000275](#) (VKK131_027) облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 45,7 млн МЕОКАМ [KZK200000729](#) (MOM048_0054), 45,3 млн МЕУКАМ [KZKD00001251](#) (MUM072_0015), 30,7 млн МЕУКАМ [KZKD00000543](#) (MUM192_0002), 43,0 млн МЕУКАМ [KZKD00000550](#) (MUM240_0001) және 40,4 млн МЕУКАМ [KZKD00000741](#) (MUM240_0002). орналастырды
- Түркістан облысының әкімдігі KASE-де KZMF00000911 (TKK118_091) облигацияларын орналастыру арқылы 10,7 млрд теңге [тартты](#).
- Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері KASE-де 2,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00010569 (KFUSb67) облигацияларын орналастыру арқылы 14,8 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "ForteBank" АҚ 2023 жылға KZ000A0F4546 (ASBN) жай акциялары бойынша дивидендтер [төлейді](#).
- "Банк "Bank RBK" АҚ 2023 жылға KZ1P00000764 (INBNp) артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Эйр Астана" АҚ акцияларды сатып алу бағдарламасы және ЖДҚ шеңберінде Лондон қор биржасында ЖДҚ кері сатып алу үшін Citigroup Global Markets Limited тағайындалғаны туралы [хабарлайды](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ Инкай кен орнының № 3 учаскесінде уран өндіруге жаңа келісімшарт [алды](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ және Корея Республикасының қаржы институттары бірлескен жобаларды іске асыру үшін күш [біріктіреді](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ қазақстандық (елдік) корпоративтік басқару кодексінің сақталғаны туралы [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылға KZ1C00000744 (KZTO) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- Freedom Holding Corp. 2024 фискалдық жылдағы қаржылық қызметтің қорытындыларын [жариялады](#).



14.06.2024	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 033,00	-0,7	0,6
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Apple Inc.	211,49	5,5	12,7
Freedom Holding Corp.	80,01	5,2	17,0
Meta Platforms, Inc.	503,95	1,8	7,4
AlтынGold plc	765,00	1,5	6,8
АО "Казактөлеком"	34 400,00	0,7	1,2
АО Kaspi.kz	57 791,00	0,2	5,8
NVIDIA Corp.	1 126,00	-	25,1
АО "Банк ЦентрКредит"	1 833,00	- 0,5	12,1
The Coca-Cola Company	64,14	- 0,5	0,3
АО "KEGOC"	1 472,00	- 0,7	- 1,7
АО "ҚазТрансОйл"	839,90	- 0,7	- 0,7
АО "НАК "Қазатомпром"	18 410,00	- 0,8	- 1,4
АО "Национальная компания "ҚазМунай"	12 585,03	- 1,2	- 3,0
АО "Народный Банк Казахстана"	204,90	- 1,2	- 5,9
АО "Эйр Астана"	892,99	- 1,2	- 5,9
АО "ForteBank"	5,98	- 1,3	- 3,5
Intel Corporation	30,50	- 1,5	- 1,0
American Airlines	13,31	- 1,7	- 11,3
АО "Кселл"	2 971,00	- 2,0	- 2,9
Ford Motor Company	11,95	- 2,9	- 5,2
Pfizer Inc.	27,65	- 4,5	- 2,3
Advanced Micro Devices, Inc.	160,12	- 4,7	5,7
AT&T Inc.	892,99	- 5,3	- 0,1

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Айдың басында өскеннен кейін KASE индексі өткен аптада 5 033 пункт деңгейіне дейін 1 %-ға төмендеп, теріс динамиканы көрсетті. Индекс қоржынының акциялары көп бағытты, бірақ минималды динамикамен саудаланды.

Атап айтқанда, ҚазМұнайГаз акциялары 12 585 теңге деңгейінде жабылып, 1,2 %-ға, ҚазТрансОйл акциялары – 0,7 %-ға төмендеп, 840 теңге деңгейінде бекітілді. ҚазТрансОйл деректері бойынша компания жай акциялар бойынша бір акция үшін 65 теңге мөлшерінде жалпы сомасы 25 млрд теңгеге дивидендтер төледі.

Қазатомөнеркәсіптің акциялары 0,8 %-ға, 18 410 теңгеге дейін төмендеді. Өткен аптада Қазатомөнеркәсіп Инкай кен орнының № 3 учаскесінде уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді көздейтін жер қойнауын пайдалануға арналған жаңа келісімшартқа қол қойылғанын жариялады. Алдағы төрт жыл ішінде 701 тонна уран өндіру жоспарлануда.

KEGOC акциялары 1 472 теңге деңгейінде бекітіліп, 0,7%-ға төмендеді.

Эйр Астана акциялары 893 теңге деңгейіне дейін 1,2 %-ға төмендеді. Авиатасымалдаушы 2024 жылдың 4-11 маусымы аралығында сатып алу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 285 мың АҚШ долларына 89 мың акция мен 12 мың ЖДҚ кері сатып алғанын хабарлады. Акцияларды сатып алудың орташа сараланған бағасы 900-ден 910 теңгеге дейін, ал ЖДҚ – 8-ден 8,1 АҚШ долларына дейін өзгерді.

Қазақтөлеком акциялары 0,7 %-ға 34 400 теңгеге дейін өсті. Телекоммуникация секторының басқа өкілі – Kcell акциялары 2 %-ға 2 971 теңгеге дейін төмендегенін көрсетті.

Қаржы компанияларының акциялары сауда-саттықты көп бағытты түрде аяқтады. Халық Банкі мен ЦентрКредит Банкінің акциялары тиісінше 0,4 % және 0,5 %-ға төмендеді. Kaspi.kz акциялары 0,2 %-ға 57 791 теңгеге дейін өсім көрсетті.

Micron Technology Inc. акциялары KASE Global секторында өсім көшбасшыларына айналды, әсіресе бұлттық қызметтер мен жасанды интеллекттің дамуына байланысты жад пен деректерді сақтауға сұраныстың артуы арқасында оның құнына 9 % қосылды. Акциялардың өсуі сонымен қатар жақсартылған қаржылық нәтижелерге және 2024 жылдың 26 маусымында күтілетін алдағы кірістер мен шығыстар туралы есептің жоғары күтулеріне байланысты болды. Бір акцияға шаққандағы болжамды пайда 0,47 долларды құрайды, бұл өткен жылдың сәйкес тоқсанымен салыстырғанда 2 есе көп, ал кіріс 7 миллиард АҚШ долларын құрайды деп күтілуде.

Apple Inc компаниясы KASE Global-да өсудің екінші көшбасшысы болды, Worldwide Developers Conference 2024 конференциясынан кейін 8,8 %-ға өскенін көрсетті, онда компания жаңа инновациялық өнімдер мен бағдарламалық жасақтаманы жақсартуды жариялады. Конференция аясында Apple ChatGPT-ті iOS, iPadOS және macOS-қа біріктіру үшін Open AI-мен серіктестік туралы жариялады.


KASE Global секторының көшбасшылары тағы да NVIDIA Corp акцияларына ие болды, олар өнімділігі жоғары есептеу және жасанды интеллект саласындағы күшті нәтижелердің, ірі технологиялық компаниялармен жаңа келісімшарттардың және жаңа Rubin AI-Чип платформасының хабарландыруының арқасында 7%-ға өсті. Сонымен қатар, компания 2024 жылдың 10 маусымында түзетілген бағамен сауда-саттықтың басталуымен күшіне енген 10-дан 1-ге дейінгі акцияларды бөлді. Бұл қадам инвесторлардың үлкен қызығушылығын тудырды, өйткені акциялардың қол жетімді бағасы көптеген сатып алушыларды тартты.

Аптаның аутсайдерлері PayPal Holdings Inc және iShares MSCI France ETF акциялары болды, олар сәйкесінше 9 %-ға және 6 %-ға төмендеді.

KASE Индексінің акциялары




Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде саудалана отырып, жылдық 13,94 %-дан 13,54 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана отырып, жылдық 7,99 %-дан 7,81 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Мамыр айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,2 %-ға, бір АҚШ доллары үшін 447,25 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 234 млн АҚШ долларынан 251 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5 млрд АҚШ долларын құрады.

Мамыр айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 800 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 16% - құрады және күніне 40 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк мамыр айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 10% - құрады..


Мамыр айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың маусымында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350-ден 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

2024 жылдың маусымында ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 250 ден 350 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	572,68	0,04	2,10	-0,83
— USDKZT	450,79	0,76	1,66	-0,83
— EURKZT	482,21	-1,03	0,35	-3,99
— CNYKZT	62,14	0,58	1,27	-2,82
— RUBKZT	5,05	0,20	3,48	-0,20

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 431,60	1,6	2,3	22,7	2,7
Dow Jones	38 589,16	-0,5	-3,3	12,2	0,4
PTC	1 137,45	-0,5	-5,3	7,9	-0,2
ММВБ	3 215,91	-0,5	-7,3	14,8	-0,2
Hang Seng	17 941,78	-2,3	-5,9	-9,5	-2,0
SS CSI 300	3 541,53	-0,9	-2,3	-9,8	-1,8
Euro Stoxx 50	4 839,14	-4,2	-5,1	10,9	-4,3
FTSEuroFirst	5 398,00	-3,0	-4,4	10,0	-2,9
FTSE 100	8 146,86	-1,2	-3,5	6,8	-1,2
KASE	5 033,00	-0,7	0,6	42,3	

Шикізат нарығы

14.06.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	82,62	3,8	-0,2	9,2
Мұнай (WTI)	78,45	3,9	-0,2	11,1
Табиғи газ	2,88	-1,3	19,2	13,1
Мыс	449,50	0,3	-9,5	15,2
Темір	855,00	-5,2	-3,7	-2,3
Алтын	2 333,04	1,7	-2,2	19,1
Күміс	29,47	0,1	-0,1	23,1
Астық	612,75	-2,4	-8,0	-7,4

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Дата	Уақиға	Валюта	Болжам	Алдыңғы
18.06	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (мамыр)	EUR	2,6%	2,4%
18.06	Бөлшек сауданың базалық индексі (а/а) (мамыр)	USD	0,2%	0,2%
19.06	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (мамыр)	GBP	2,0%	2,3%
20.06	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (маусым)	GBP	5,25%	5,25%
20.06	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	235K	242K
21.06	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)	USD	51,0	51,3
21.06	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)	USD	53,4	54,8

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Показатель	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,5%	01.06.24	8,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	39,8	01.06.24	39,9
Ақша базасы, млрд KZT	12 681,8	01.06.24	12 290,6
Ақша масса, млрд KZT	38 160,7	01.06.24	37 917,4

Қазақстанның несие рейтингі

Агент	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
FitchRatings	BBB/тұрақты	18.05.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.